

FTAХР 06.71.07.  
ЭОЖ 330.101.541(075.8)

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2020-1-4-226-231>

**А.М. ЕСИРКЕПОВА,<sup>1</sup>**

э.ғ.д., профессор.

**Г.Ж. АХМЕТОВА,<sup>2</sup>**

докторант.

**Ж.А. САРИЕВА,<sup>1</sup>**

э.ғ.м.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы  
Мемлекеттік басқару академиясының  
Шымкент қ. бойынша филиалы.<sup>1</sup>  
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті<sup>2</sup>

## **ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ**

### **Андатпа**

Мақалада пандемия жағдайында Түркістан облысында егін шаруашылығын инновациялық дамыту механизмінің элементтері мен жетілдіру жолдары келтірілген. Егін шаруашылығы ауыл шаруашылығының ең маңызды саласы болып табылады, ол елдің азық-түлік қауіпсіздігі жағдайына әсер береді және агроөнеркәсіп кешендері ішінде шикізат базасының дамуына ықпал етіп, дамуы үшін қызмет етеді. Алайда, бүкіл дүние жүзін дүркіреткен пандемия Қазақстанның ауылшаруашылығының дамуына, оның ішінде егін шаруашылығының дамуына айтарлықтай теріс әсерін тигізді. Бұл әсер саланың барлық секторында байқалды, осыған байланысты Түркістан облысының аграрлық экономикасының дамуын инновациялық сипатта дамытпаса, жоспарлау механизмдерін жетілдірмесе, тиімді нәтиже алуға қиындыққа соғатыны күмән келтірмейді. Отандық егін шаруашылығы дамуының қазіргі сатысының ерекшеліктері болып, оның материалды-техникалық базасының тозуы, саланың төмен инвестициялық потенциалы, өндірістік-қаржылық тәуекелдердің жоғары болуы және жер алқаптарының қанағаттанарлықсыз күйі, ұрық шаруашылығы жүйесінің дамымағандығы, саларалық айырбастың баламасыздығы табылады. Мұның барлығы, егін шаруашылығын инновациялық дамуын жоспарлаудың басымдықты бағыттарын өз уақытында негізделуін, сонымен бірге, олардың жүзеге асырылуында кешенді экономикалық бағалаудың қажеттілігін көрсетеді. Аймақтық, республикалық және әлемдік агроөнеркәсіптік нарықтардағы пайда болған техникалық-технологиялық және биологиялық инновацияларды енгізудің әдістемелік сұрақтары терең зерттеуді талап етеді. Сонымен қатар пандемия кезінде агроөнеркәсіп саласындағы басқару органдарының қызметтерін өгерту қажеттігі туындауда. Осы мәселелерге байланысты берілген жұмыста ауыл шаруашылығы саласындағы басқару органдарының басқару құралдарын жетілдіру бойынша мәселелеріне көп көңіл бөлінген.

Тірек сөздер: пандемия, егін шаруашылығы, инновациялық даму, экономикалық тетіктері, мемлекеттік қолдау, ынталандыру жүйесі, жетілдіру механизмдері.

Егін шаруашылығы, әсіресе пандемия кезінде, тамақ және қайта өңдеуші өнеркәсіп үшін шикізаттың қайнар көзі болып табылады [1]. Қазақстан Республикасының егіс алқабы 22135,8 мың га алып отыр. Егер егістік алқаптарының үлес салмағын қарайтын болсақ, ең көп үлес салмақ Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында, ал қарастырылып отырған Түркістан облысының үлесі – 3,75%-ды құрайды (кесте 1, б. 227).

Түркістан облысында жалпы егіс алқабының үлесі бар болғаны 3,75% екеніне қарамастан, егін шаруашылығын дамыту мәселесін қарастыруды мақсат етіп отырмыз. Оның себебі – бұл өңірде климаттық жағдайлар ерекше, сондықтан басқа аймақтарда өсіруге мүмкін емес дақылдарды егуге қатысты техникалық шешімдерді табу өзекті деп есептейміз. Ауыл шаруашылығында пандемияға байланысты бүкіләлемдік дағдарыс кезінде аймақтық саясатты жүргізудің бірден бір нысаны ретінде – осы саладағы инновациялық дамуға ерекше көңіл бөледі жөн санап отырмыз.

Кесте 1 – Ауыл шаруашылығы дақылдарының анықталған жалпы егістік алқабы

Аймақтар	2004 ж.	2010 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.	Үлесі, %
Қазақстан Республикасы	18036,4	21438,7	21022,9	21473,6	21839,9	21899,4	22135,8	100
Ақмола	4031,5	4921,2	4687,5	4844,2	4884,2	4888,8	4993,3	22,56
Ақтөбе	814,9	848,3	501,4	563,9	650,0	738,1	780,9	3,53
Алматы	861,6	906,3	926,2	932,2	947,9	954,3	961,6	4,34
Атырау	5,4	6,2	6,8	7,4	8,5	8,0	7,6	0,03
Батыс Қазақстан	742,6	717,2	488,2	457,2	491,4	517,1	522,6	2,36
Жамбыл	532,6	497,3	587,7	589,6	629,3	662,2	686,6	3,10
Қарағанды	1112,1	1009,7	994,7	1070,8	1123,0	1148,5	1157,2	5,23
Қостанай	3615,6	4953,3	5088,0	5143,3	5198,0	5143,3	5053,8	22,83
Қызылорда	145,9	160,9	167,8	168,1	180,7	178,9	183,1	0,83
Маңғыстау	0,3	0,8	1,6	0,9	1,0	0,9	0,9	0,00
Оңтүстік Қазақстан	762,7	697,2	775,8	788,8	826,3	–	–	
Түркістан	–	–	–	–	–	813,5	829,1	3,75
Павлодар	962,0	1001,9	1145,0	1231,6	1260,1	1270,3	1327,2	6,00
Солтүстік Қазақстан	3394,1	4620,8	4372,4	4371,4	4322,0	4230,6	4243,1	19,17
Шығыс Қазақстан	1051,3	1095,2	1278,0	1301,6	1316,4	1318,2	1360,5	6,15
Нұр-Сұлтан қаласы	2,1	1,9	1,4	1,6	0,5	0,5	1,7	0,01
Алматы қаласы	1,7	0,5	0,4	1,0	0,6	0,5	0,5	0,00
Шымкент қаласы	–	–	–	–	–	25,7	26,2	0,12

Ескертпе – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері негізінде келтірілген.

Егін шаруашылығын инновациялық жолмен дамыту үшін ауылшаруашылық жер-сулардың өзгерісін қамтамасыз ететін көрсеткіштердің зерттелуін қамтамасыз ету керек. Олар: егістік жерлер бойынша есептер; суармалы немесе құрғақ жерлерді қолдану; барлық дақылдардың жалпы түсімі және өнімділік өсімі; мүжілуге қарсы шараларды өткізу; жеміс, жүзім шаруашылығы және басқа да көп жылдық екпелердің, жібек шаруашылығының жем шөп қорының даму көрсеткіштері; көшетхана, жылыжай құрылысы және қоршалынған топырақты қолдану; суландыру – жер өңдеу жұмыстарының көлемі [2].

Егін шаруашылығында инновациялық дамыту бағыттарын анықтау үшін келесі көрсеткіштердің анықталуын қамтамасыз ету қажет:

- ◆ алдыңғы жылдардағы барлық ауылшаруашылық өндірісінің және осы саланың жағдайы;
- ◆ әрбір дақылдар және өнімділік бойынша өнімді дайындау және өндірістің өсу қарқыны және деңгейі;
- ◆ мал шаруашылығының жем қоры жағдайы;
- ◆ өндірістің экономикалық тиімділігі.

Егін шаруашылығын инновациялық дамыту бойынша механизмдерді әзірлеуде, бірінші кезекте, жаңа жерлерді өндіріске тарту және ауылшаруашылық пайдалы жерлерді пайдалануды жақсарту бойынша іс-шаралар әзірленуі тиіс [3]. Ауылшаруашылық жерлердің жалпы ауданына, шаруашылыққа мерзімсіз пайдалануға бекітілген, сондай-ақ, ұзақ мерзімді қолдануға ұсынылған барлық ауылшаруашылық жерлер енеді.

Пандемия кезінде дамыту тетіктерін әзірлеуде ерекше назар, қолда бар суармалы жерлердің өнімділігін көтеру бойынша жұмыстарды жүргізуге бағытталуы тиіс:

- ◆ тұзды жерлерде коллектор-дренажды желілердің құрылысы;
- ◆ тізгіндік суларды реттеу;
- ◆ қатты филтрленетін топырақтардан өтетін каналдарды бетондау;
- ◆ аландарды жоспарлау;
- ◆ тұздану және жерлерді сумен қамтамасыз етуін жоғарлату және ылғандандырудың теңділігі, сондай-ақ, суармалы жерлерде өнімділікті көтеруді қамтамасыз ету үшін басқа да жұмыстардың жүргізілуі үшін, суармалы жүйелердің техникалық қайта жасалуы.

Артық ылғалдану аймағында, бірінші кезекте, құрғақшылықты қажет етпейтін (екпелерді кесу, егістікті томардан тазарту, тастарды жинақтау және т.б.) жерлерде дақылдық техникалық жұмыстарды жүргізу қарастырылған [4].

Жерлердің құрғатылуын, ең алдымен ылғалдылық есебіне ең төмен астық алатын ауылшаруашылық жерлерінде қолданылатын жерлерде жоспарлау қажет. Осылайша, ерекше назарды, құрғатудың ең тиімді әдісі – жабық дренажға аударады. Егін шаруашылығының мамандануы және интенсивтілігі, өндіргіш күштерді дамытудың әрбір деңгейіне, өндірістің шоғырлану дәрежесі және кәсіпорындардың белгілі бір өлшемдері сәйкес келеді. Егін шаруашылық құрылымдарының өлшемі келесі көрсеткіштерді сипаттайды: өнімнің шығырылымы (жиынтық және тауарлық), жерлердің ауданы, негізгі өндіріс қорларының мөлшері, техникалар саны, малдардың бас саны; көпжылдық егулердің ауданы (арнайы жүзімдік және бақшалақ шаруашылықтар үшін), қопсытылған құрылыстар (көкөніс шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтар үшін); жұмыспен қамтылған жұмысшылар саны. Ауыл шаруашылық құрылымдары өлшемінің негізгі көрсеткіші ретінде өндірілген жиынтық өнімнің құнын есептеуге болады.

Аграрлық экономиканы дамытудың инновациялық нұсқасы, көп жағдайларда аймақтық ғылыми-техникалық саясатымен, аграрлық сфераның өзіндік ерекшеліктерін есепке алғандағы инновациялық менеджменттің дамуымен анықталады [5].

Инновациялық дамудың бағыттарының басымдылықтары ретінде, егін шаруашылығы өнімінің сапасын және көлемін қысқа мерзімде айтарлықтай көтере алатын, өндірістік шығындарды төмендетуге әсер беретін, инвестицияларды игеруде және жасалымдарға капиталсалымдарының жылдам орнына толтырылуын қамтамасыз етуін қарастырамыз.


Техника-технологиялық жабдықталуға бейімделу үшін, ауыл шаруашылық өндірістің шарттарында бірқатар мәселелердің кешенін шешу қажет: біріншіден, оптималды жинақталу және нақты тауар өндірушілердің техниканы қолдану бойынша, олардың табиғи-климаттық және ұйымдастырушылық-экономикалық ерекшеліктерін есепке алу, екіншіден, техникалық құралдар және жаңа кешенді механизацияланған технологияларды әзірлеу қажет.

Егін шаруашылығында инновацияларды қолданудың басты артықшылықтарын атап өту қажет:

- 1) жоғары сыныптағы ауылшаруашылығы техникасын қолдану, саланың инвестициялық тартымдылығын көтереді;
- 2) агроөнеркәсіп кешенінің көпреттік өнімділігін көтеру қамтамасыз етіледі, ауылшаруашылық өндірісінің рентабелділігі жоғарылайды;
- 3) ауылшаруашылық жұмыстарының кешенді механизациясы, тірі және заттық еңбектің айтарлықтай үнемделуіне алып келеді;
- 4) барлық агротехникалық операциялардың орындалу мерзімі сақталынады және уақыт шығынының төмендеуі қамтамасыз етіледі, өнімділіктің тұрақты ұлғаюы орын алады.

Экономиканың аграрлық сферасында пандемия кезіндегі жаңашыл мемлекеттік инновациялық саясаттың жүзеге асыру қажеттігі, оның қалыптасуындағы басымдықты бағыттарын анықтауға және негіздеуге мүмкіндік берді (сурет 1, б. 229).

Бұл бағыттарды жүзеге асырудың құралдары мен әрекет етуші тетіктері ретінде, салықтық жеңілдіктер, әр деңгейдегі бөлістірудің бюджеттерінен инновациялық қызметті тікелей мемлекеттік қолдау, инновацияларды қолдаудың ақпараттық-кеңес берушілік жүйелерін дамыту және құру, салалық венчурлі қорлар мен компаниялардың қалыптасуын қолдау және құрылуына қатысу қажеттігін атап кеткен жөн.



Сурет 1 – Егін шаруашылығының инновациялық дамытудың экономикалық тетіктері

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Григорьева Г.В., Егорова О.В. Методы диагностики проблем, рекомендуемые для применения при прогнозировании и планировании развития растениеводства // Научный журнал Российского НИИ проблем мелиорации. – 2016. – № 2(22).
- 2 Алексеева С.Н., Савватеева С.А. Направления стратегии развития растениеводства // Нива Поволжья. – 2018. – № 3(48).
- 3 Моисеев В.В. Эффективная инвестиционно-инновационная деятельность – залог интенсивного развития растениеводства // АПК: Экономика, управление. – 2015. – № 6. – С. 39–45.
- 4 Кравченко Т.С. Стратегические направления развития инновационной деятельности в отрасли растениеводства // Региональная экономика: теория и практика. – 2014. – № 21.
- 5 Кузнецов В.В. Факторы инновационного развития сельского хозяйства в условиях «новой нормальности» // Друкеровский вестник. – 2018. – № 1. – С. 67–72.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Grigor'eva G.V., Egorova O.V. Metody diagnostiki problem, rekomenduemye dlya primeneniya pri prognozirovani i planirovani razvitiya rastenievodstva // Nauchnyi zhurnal Rossiiskogo NII problem melioratsii. – 2016. – № 2(22).
- 2 Alekseeva S.N., Savvateeva S.A. Napravleniya strategii razvitiya rastenievodstva // Niva Povolzh'ya. – 2018. – № 3(48).
- 3 Moiseev V.V. Effektivnaya investitsionno-innovatsionnaya deyatel'nost' – zalog intensivnogo razvitiya rastenievodstva // APK: Ekonomika, upravlenie. – 2015. – № 6. – S. 39–45.
- 4 Kravchenko T.S. Strategicheskie napravleniya razvitiya innovatsionnoi deyatel'nosti v otrasli rastenievodstva // Regional'naya ekonomika: teoriya i praktika. – 2014. – № 21.
- 5 Kuznetsov V.V. Faktory innovatsionnogo razvitiya sel'skogo khozyaistva v usloviyakh «novo normal'nosti» // Drukerovskii vestnik. – 2018. – № 1. – S. 67–72.

**А.М. ЕСИРКЕПОВА,<sup>1</sup>**

д.э.н., профессор.

**Г.Ж. АХМЕТОВА,<sup>2</sup>**

докторант.

**Ж.А. САРИЕВА,<sup>1</sup>**

м.э.н.

Филиал Академии государственного управления  
при Президенте Республики Казахстан по г. Шымкенту.<sup>1</sup>  
Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова<sup>2</sup>

**СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕХАНИЗМОВ  
ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ЗЕМЛЕДЕЛИЯ  
В ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ**

**Аннотация**

В статье приведены элементы и пути совершенствования механизма инновационного развития земледелия в Туркестанской области в условиях пандемии. Земледелие является важнейшей отраслью сельского хозяйства, оказывающей влияние на продовольственную безопасность страны, и служит для развития сырьевой базы для агропромышленного комплекса. Однако пандемия, охватившая весь мир, оказала существенное негативное влияние на развитие сельского хозяйства Казахстана, в том числе и на развитие земледелия. Этот эффект наблюдался во всех секторах отрасли, в связи с чем не вызывает сомнений, что развитие аграрной экономики Туркестанской области и, соответственно, получение эффективного результата невозможно без развития инновационной деятельности в данном секторе и совершенствования механизмов планирования развития растениеводства. Особенности современного развития отечественного земледелия являются износ его материально-технической базы, низкий инвестиционный потенциал отрасли, высокие производственно-финансовые риски, неудовлетворительное состояние земельных угодий, неразвитость системы семеноводства, а также несбалансированность межсекторального обмена. Все это свидетельствует о необходимости своевременного обоснования приоритетных направлений планирования инновационного развития расте-

ниеводства, а также необходимости комплексной экономической оценки их реализации. Требуют глубокого изучения методические вопросы внедрения технико-технологических и биологических инноваций, имеющих на региональном, республиканском и мировом агропродовольственных рынках. Вместе с тем во время пандемии возникает необходимость изменения функций органов управления в сфере агропромышленного комплекса. В связи с этим в данной работе большое внимание уделяется вопросам совершенствования инструментов управления местных исполнительных органов в сфере сельского хозяйства.

Ключевые слова: пандемия, земледелие, инновационное развитие, экономические механизмы, государственная поддержка, система стимулирования, механизмы совершенствования.

**A.M. YESSIRKEPOVA,<sup>1</sup>**

d.e.s., professor.

**G.ZH. AKHMETOVA,<sup>2</sup>**

PhD student.

**ZH.A. SARIEVA,<sup>1</sup>**

master of economic sciences

Branch of the Academy of public administration under  
the President of the Republic of Kazakhstan in Shymkent.<sup>1</sup>

M. Auezov South Kazakhstan University<sup>2</sup>

## **IMPROVEMENT OF MECHANISMS FOR INNOVATIVE DEVELOPMENT OF AGRICULTURE IN TURKESTAN REGION IN THE CONTEXT OF PANDEMIC**

### **Abstract**

The article presents elements and ways to improve the mechanism of innovative development of agriculture in the Turkestan region in the context of the pandemic. Agriculture is the most important branch of agriculture, which affects the state of food security of the country and serves to develop the raw material base for the agro-industrial complex. However, the worldwide pandemic has had a significant negative impact on the development of agriculture in Kazakhstan, including the development of agriculture. This effect was observed in all sectors of the industry, therefore no doubt that the development of the agrarian economy of the Turkestan region, and accordingly obtaining effective results is impossible without innovative development in the sector and improving the mechanisms of development planning of crop production. The features of the modern development of domestic agriculture are the deterioration of its material and technical base, low investment potential of the industry, high production and financial risks, unsatisfactory condition of land, underdeveloped seed production system, as well as unbalanced intersectoral exchange. All this indicates the need for timely justification of priority areas for planning innovative development of crop production, as well as the need for a comprehensive economic assessment of their implementation. It requires in-depth study of methodological issues of implementation of technical, technological and biological innovations available on the regional, national and global agri-food markets. At the same time, during a pandemic, there is a need to change the functions of government bodies in the field of agriculture. In this regard, much attention is paid to improving the management tools of local executive bodies in the field of agriculture.

Key words: pandemic, agriculture, innovative development, economic mechanisms, state support, incentive system, improvement mechanisms.